# ҚОСЫМША БЕТ-ПАРАҚ
# ТҰТЫНУШЫҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

## Тағамға биологиялық белсенді қоспа: БиоГая Пробиотик. Балаларға арналған $D_3$ дәрумені қосылған тамшылар / BioGaia® Probiotic. Drops for baby with vitamin $D_3$

*Қолдануды бастамас бұрын осы қосымша бет-парақты мұқият оқып шығыңыз. Бұл қосымша бет-парақты сақтап қойыңыз, Сізге оны қайтадан оқып шығу қажет болуы мүмкін. Егер Сізде қосымша сұрақтар туындаса, дәрігермен кеңесуіңізді өтінеміз.*

**Құрамы**

5 тамшының құрамында
*белсенді заттар*: *Lactobacillus reuteri* DSM 17938 $10^8$ КТБ (100 млн пробиотикалық микроорганизм), 10 мкг $D_3$ дәрумені (холекальциферол) (бұл 400 ХБ сәйкес келеді);
*қосымша заттар*: тасымалдағыштар – күнбағыс майы, орташатізбекті каприлдік триглицеридтер, із қалдырмайтын агент – кремнийдің қостотығы (E551).

**Белсенді әсер етуші компоненттерінің құрамы**

| Атауы | 3 тамшыдағы мөлшері (0,105 г) 1,5 жастан 3 жасқа дейінгі балалар | 3 тамшыдағы талапқа сай тұтынылу деңгейінің %-ы (0,105 г)* | 5 тамшыдағы мөлшері (0,175 г жуық) 3 жастан асқан балаларға | 5 тамшыдағы талапқа сай тұтынылу деңгейінің %-ы (0,175 г)* |
|---|---|---|---|---|
| Пробиотикалық микроорганизмдер *Lactobacillus reuteri* Protectis™ (DSM 17938 штамы), КТБ | $6x10^7$ | - | $10^8$ | - |
| $D_3$ дәрумені (холекальциферол), мкг\ХБ | 6/240 ХБ | 60 | 10/400 ХБ | 100 |

*- Кедендің Одақтың «Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына» сәйкес (5 қосымша)

*Lactobacillus reuteri* (*L. reuteri* Protectis) ішек микрофлорасының физиологиялық тепе-теңдігін және ас қорыту үдерісін демеп және реттестіріп отырады. *L. reuteri* Protectis лактозаның ыдырауына ықпал етеді, сонымен қатар сүт, сірке қышқылдарын өндіреді және реутерин, рейтероциклин сияқты заттар мен ас қорыту жолындағы патогендік және шартты-патогендік микроорганизмдерге, соның ішінде Helicobacter pylori-ге қатысты антагонистік белсенділікке ие микробқа қарсы басқа субстанциялардың түзілуіне ықпал етеді. Осылайша, *L. reuteri* Protectis ас қорыту жүйесінің табиғи қорғанысын арттырады, ішектің қалыпты микробиоценозының қалыптасуы үшін жағымды жағдай туғызады. *L. reuteri* Protectis иммуностимуляциялаушы әсері организмнің инфекциялардан қорғанысының бастапқы желісі ретінде, оның ішектің иммундық жүйесін белсендіру қабілетімен байланысты. *L. reuteri* Protectis асқазан сөліне және өт қышқылдарының тұздарына төзімді.

$D_3$ дәрумені асқазан-ішек жолының жұмысына қатысады, оның моторикасын ретке келтіреді, кальцийдің, фосфаттар мен магнийдің ішекте сіңірілуінде, минералды тұздардың тасымалдануында маңызды рөл атқарады. $D_3$ дәрумені организмдегі минералдар алмасуының реттелуіне қатысады, кальций мен фосфордың гомеостазын демеп тұрады, сүйек және шеміршек тіндерінің құрылымдық компоненттерімен қамтылуын қамтамасыз етеді. $D_3$ дәрумені адамның терісінде күн сәулесінің әсерінен түзілетін D дәруменінің белсенді формасы болып табылады. D дәрумені қалқанша маңы бездерінің, бүйрек және сүйектер жүйесінің қызмет атқаруы үшін қажет. Ол минералданудың дұрыс жүруі мен қаңқаның өсуіне ықпал ететін, рахитке қарсы белсенді фактор болып табылады, сондай-ақ сүйектердің кальцификациялануы үдерісінде кальций мен фосфаттардың бүйрек арқылы бөлініп шығуын реттейді, иммундық жүйенің жұмысына белсенді қатысады. D дәруменінің тапшылығы атопиялық дерматитке бейімдлікке себеп болуы мүмкін.

**Қолдану аймағы**

Халыққа тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде, оның ішінде - пробиотикалық микроорганизмдердің (лактобактериялардың), қайнар көзі ретінде, және 1,5 жастан асқан балаларға арналған, Д3 витаминінің қосымша көзі ретінде ұсыну үшін.

**Қолданылуы жөніндегі ұсынымдар**

1,5 жастан 3 жасқа дейінгі балалар үшін тәулігіне 1 рет 3 тамшы.
3 жастан асқан балаларға тәулігіне 1 рет 5 тамшы.
Қабылдау ұзақтығы – 1 ай. Педиатр дәрігердің келісімімен және қадағалауымен қабылдау керек.
Пайдаланар алдында әбден шайқау керек!
Тамшылар біркелкі дозалануы үшін, құтыны тесігін төмен қаратып, 45° бұрыш жасап ұстау керек.
Тамшыларды қасықпен дозалайды, сүтке, суға, басқа сұйықтыққа немесе тамаққа қосуға болады (тағам өнімі олардың дәмін өзгертпейді). Ыстық тамаққа қосуға болмайды. Толыққанды тамақтануды алмастыра алмайды!

**Қолдануға болмайтын жағдайлар**

Компоненттерін жекелей көтере алмаушылық.

**Шығарылу түрі және қаптамасы**

Күңгірт шыныдан жасалған құтыдағы 5 мл майлы тамшылар қосымша бет-парақпен бірге картон қорапқа салынған.

**Сақтау шарттары және жарамдылық мерзімі**

Зауыттық қаптамасында, құрғақ, тікелей күн сәулесінің түсуінен қорғалған, балалардың қолы жетпейтін жерде, +25°С-ден аспайтын температурада сақтау керек.
Жарамдылық мерзімі – өндірілген күнінен бастап 24 ай.
Ашылған құтыны 1 айдан артық сақтамау керек.

**Дәрілік зат емес.**

Өнімді дәріханалар желісі және сауда желісінің арнайы бөлімшелері арқылы, тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде өткізуге болады.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік
11.02.2019 RU.77.99.11.003.E.000537.02.19

**Өндірушінің атауы және мекенжайы**

БиоГая Продакшн АБ, Винделваген 3, SE-241 38 Эслев, Швеция
BioGaia AB, Kungsbroplan 3, P.O. Box 3242, SE-103 64 Стокгольм, Швеция үшін,
тел. +46 (0) 8 555 293 00,
info@biogaia.se
www.biogaia.com

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан өнім (тауар) сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын ұйымның мекенжайы**

«Дельта Медикел Промоушнз АГ» (Швейцария) АҚ өкілдігі,
050000, Алматы қ., Байзақов к-сі, 280 үй,
тел./факс +7 (727) 332 20 79,
DrugSafety@deltaswiss.eu

**Беларусь Республикасында тұтынушылардың шағымдарын қабылдайтын ұйым**

Беларусь Республикасындағы «Delta Medical Promotions AG» (Швейцария) АҚ өкілдігі,
220090, Минск қ., Полиграфическая к-сі, 31, 22 кеңсе,
тел.+375 216 16 94, факс +375 216 16 93,
DrugSafety@deltaswiss.eu

BioGaia®
Probiotics grounded in evolution
Driven by science

3468 - 002
E04701

# ЛИСТОК-ВКЛАДЫШ
# ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ ПОТРЕБИТЕЛЯ
## Биологически активная добавка к пище: БиоГая Пробиотик. Детские капли с витамином $D_3$ / BioGaia® Probiotic. Drops for baby with vitamin $D_3$

*Прочитайте внимательно этот листок-вкладыш прежде, чем начать применение. Сохраняйте этот листок-вкладыш, Вам может понадобиться перечитать его снова. Если у Вас возникнут дополнительные вопросы, пожалуйста, проконсультируйтесь с врачом.*

### Состав
5 капель содержат
*активные вещества*: *Lactobacillus reuteri* DSM 17938 $10^8$ КОЕ (100 млн пробиотических микроорганизмов), витамин $D_3$ (холекальциферол) 10 мкг (что соответствует 400 МЕ);
*вспомогательные вещества*: носители – масло подсолнечное, триглицериды среднецепочечные каприловые, агент антислеживающий – кремния диоксид (Е551).

### Содержание активно действующих компонентов

| Название | Количество в 3 каплях (0,105 г) Дети от 1,5 лет до 3-х лет | % от адекватного уровня потребления в 3 каплях (0,105 г)* | Количество в 5 каплях (около 0,175 г) Дети от 3-х лет | % от адекватного уровня потребления в 5 каплях (0,175 г)* |
|---|---|---|---|---|
| Пробиотические микроорганизмы *Lactobacillus reuteri* Protectis™ (штамм DSM 17938), КОЕ | $6x10^7$ | - | $10^8$ | - |
| Витамин $D_3$ (холекальциферол), мкг\МЕ | 6/240 МЕ | 60 | 10/400 МЕ | 100 |

*- в соответствии с «Едиными санитарно-эпидемиологическими и гигиеническими требованиями к товарам, подлежащим санитарно-эпидемиологическому надзору (контролю)» Таможенного союза (Приложение 5)

*Lactobacillus reuteri* (*L. reuteri* Protectis) поддерживают и регулируют физиологическое равновесие микрофлоры кишечника и процесс пищеварения. *L. reuteri* Protectis способствуют расщеплению лактозы, при этом продуцируют молочную, уксусную кислоты и способствуют образованию вещества реутерин, рейтероциклин и других антимикробных субстанций, обладающих антагонистической активностью в отношении патогенных и условно-патогенных микроорганизмов в пищеварительном тракте, в том числе Helicobacter pylori. Таким образом, *L. reuteri* Protectis повышают естественную защиту пищеварительной системы, создают благоприятные условия для формирования нормального микробиоценоза кишечника. Иммуностимулирующее действие *L. reuteri* Protectis связано со способностью активировать иммунную систему кишечника как первую линию защиты организма от инфекций. *L. reuteri* Protectis устойчивы к желудочному соку и солям желчных кислот.

Витамин $D_3$ участвует в работе желудочно-кишечного тракта, регулирует его моторику, играет важную роль в абсорбции кальция, фосфатов и магния в кишечнике, транспорте минеральных солей. Витамин $D_3$ участвует в регуляции минерального обмена в организме, поддерживает кальциевый и фосфорный гомеостаз, обеспечивает снабжение костной и хрящевой ткани структурными компонентами. Витамин $D_3$ является активной формой витамина D, которая образуется у человека в коже под действием солнечных лучей. Витамин D необходим для функционирования паращитовидных желез, почек и костной системы. Он является активным антирахитическим фактором, который способствует правильной минерализации и росту скелета, а также в процессе кальцификации костей регулирует выделение кальция и фосфатов почками, принимает активное участие в работе иммунной системы. Дефицит витамина D может быть причиной предрасположенности к атопическому дерматиту.

### Область применения
Для реализации населению в качестве биологически активной добавки к пище - источника пробиотических микроорганизмов (лактобактерий), дополнительного источника витамина Д3 для детей старше 1,5 лет.

### Рекомендации по применению
Для детей с 1,5 лет до 3-х лет по 3 капли 1 раз в сутки.
Детям старше 3-х лет по 5 капель 1 раз в сутки.
Продолжительность приема – 1 месяц. Принимать по согласованию и под наблюдением врача-педиатра.
Перед употреблением хорошо взболтать!
Для равномерного дозирования капель флакон держать под углом 45° отверстием вниз.
Капли дозируют в ложку, можно добавлять к молоку, воде, другой жидкости или пище (продукт не изменяет их вкус). Не добавлять к горячему. Не заменяет полноценного питания!

### Противопоказания
Индивидуальная непереносимость компонентов.

### Форма выпуска и упаковка
Масляные капли 5 мл во флаконе из темного стекла вместе с листком-вкладышем в картонной коробке.

### Условия хранения и срок годности
Хранить в заводской упаковке, в сухом защищенном от попадания прямых солнечных лучей, недоступном для детей месте, при температуре не выше +25°C.
Срок годности – 24 месяца от даты производства.
Вскрытый флакон хранить не более 1 месяца.

**Не является лекарственным средством.**

Продукт может быть реализован через аптечную сеть и специализированные отделы торговой сети в качестве биологически активной добавки к пище.

Свидетельство о государственной регистрации №RU.77.99.11.003.E.000537.02.19 от 11.02.2019

### Название и адрес производителя
БиоГая Продакшн АБ, Винделваген 3, SE-241 38 Эслев, Швеция
для BioGaia AB, Kungsbroplan 3, P.O. Box 3242, SE-103 64 Стокгольм, Швеция,
тел. +46 (0) 8 555 293 00,
info@biogaia.se
www.biogaia.com

### Адрес организации, принимающей на территории Республики Казахстан претензии от потребителей по качеству продукции (товара)
Представительство АО «Дельта Медикел Промоушнз АГ» (Швейцария),
050000, г. Алматы, ул. Байзакова, д. 280,
тел./факс +7 (727) 332 20 79,
DrugSafety@deltaswiss.eu

### Организация, принимающая претензии потребителей в Республике Беларусь
Представительство АО «Delta Medical Promotions AG» (Швейцария) в Республике Беларусь,
220090, г.Минск, ул. Полиграфическая, 31, оф. 22,
тел.+375 216 16 94, факс +375 216 16 93,
DrugSafety@deltaswiss.eu

BioGaia®
Probiotics grounded in evolution
Driven by science

3468 - 002
E04701